

Көзімнен жасым тамардай

Жас ақын, талапты жігіт Бексұлтан Мейірбекұлы Отыншиев 2000 жылы 12 наурызда Шолаққорған ауылында дүниеге келген. Ә.Молдағұлова атындағы жалпы орта мектебінде білім алған. Өлең жазумен мектеп қабырғасынан айналысады. Жастар практикасымен «Қазпошта» АҚ мекемесінде бағдарламашы болып қызмет атқарады. Бүгін осы талабынан нұр жауған ініміздің өрелі өлең жолдарын оқырман қауымның назарына ұсынып отырмыз. Өнерің өрге жүзе берсін, жас талап!

Мақсат ҚАРҒАБАЙ.

Моншағым

Көзімнен жасым тамардай,
Не істедім саған жарығым.
Күлімдеп маған қараған,
Кезіңді қатты сағындым.

Маған бұрылып қарасаң,
Қайтеді енді жарығым.
Мойыңыңа алқа тағардай,
Моншағым сені сағындым.

Арманым мына ендігі,
Өзіңсің ерем моншағым.
Мойыңыңда бар әтірің,
Жұпарың жанды баураған.
Моншағым мені ойлай бер,
Бір күні саған барамын.
Жүреkte жаным сен ғана,
Сүйемін сені Моншағым.

Мерейі тасып тұратын,
Мөлдіреп сезім ашылған.
Моншағым менің алдымда,
Бақытым бол таңдаған.

Арманым менің сен ғана,
Алдымда менің жүре бер.
Айтарым саған бір ғана,
Моншағым мені ойлай бер.



Әпке

Жадырап күле берші атқан таңға,
Күлкіңе ғашық болсын сол бір таңда.
Мен саған қайырлы таң десем тағы,
Қайырымды болсын дегенім әрбір жанға.
Саған мен жолдайын жырды мына,
Көңілің түспесінші ешқашанда.
Есіміңде ерекше болған соң,
Атыңды қосып жаздым Фариза.
Өзіңдей дара қызға теңеу таппай,
Әнге арнап жаздым әнімді тағы да.
Өзіңмен шын жүректен дос болған соң,
Өзіңе арнап жазған едім жырды мына.
Даусыңа ғашық болсын бұлбұл құста,
Даусыңа ғашық болсын қарлығашта.
Даусыңнан сенің айналайын,
Мөлдіреген көусар суы жұмақтыңда.
Жақында жаным туған күнің оны білем,
Сенің туған күнің не сыйласам екен.
Әттең саған быыл да бара алмаймын,
Келесі жылға сағынышымды үйіп төгем.

Мен сені жаным-ау сағынамын,
Сенсіз өткен әр күнімді не қыламын.
Сен жанымда болмағанмен бәрі бекер,
Сенсіз енді жаным-ау не қыламын.
Сағынышым айналыпты сары күзге,
Сағындым ғой сені шын көрмесемде.
Маған қатты ұнағаның соншалықты,
Сүйіп алғым келеді өрніңді де.
Қалайша сабыр сақтамайын жүрегім мен,
Бір Алладан бір өзіңді тіледім мен.
Сені ұнататыным соншалықты,
Гүлім-ау жүрегімнен биік орын алдың бүгінде сен.

Созағым сағындырып жүре бердің,
Сағанда келді ғой күздегенің.
Қаратаудай киелі жұртың барда,
Созағым дара жұртым деген едім.
Теріскейім ашатұғын таң сарайын,
Созағымға қалайша ән салмайын.
Ей адамдар біліңдер, ұмытпаңдар,
Созақ десе шырқай берем әнді әрдайым.
Жалғасы болып жатса мына өлеңнің,
Сағынышымды су сепкендей баса бердім.
Созағым жайлы сыр шертсем дағы,
Теріскейді тамашалап жүре бердім.

Жаным-ау неге келмейсің?

Жүректің мұңын шертемін,
Жаныңда күнде жүремін.
Сезімге серік болар деп,
Сені ойлап жаным жүремін.
Мөлдіреп тұнық көздерің,
Мен сені шынайы сүйемін.
Қ-сы
Жаным-ау неге келмейсің?
Жүректің дертін емдейсің?
Жадырап неге күлмейсің?
Жаныңда жүре берген соң.
Жалығып менен кетпейсің?
Жанымау енді не дейсің?
Нұрында төгіп тұратын,
Күнімде күліп шығатын.
Қолыңды берші асылым,
Сен едің менің ғашығым.
Өмірден мына өткенше,
Өзіңмен жаным боламын.

Бексұлтан МЕЙІРБЕКОВ.

Абай атындағы ҚазҰПУ мен «Түркістан облысы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі арасында 2024 жылғы 8 маусымда өзара ынтымақтастық туралы меморандум жасалып, 7-8 маусым күндері Түркістан облысының педагогтері үшін лекциялар ұйымдастырылды.

2024 жылдың 19-23 тамыз аралығындағы меморандум аясында «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы бойынша қолданысқа берілетін мектептерге ауыстырылатын басшылар мен мұғалімдерінің біліктілігін арттыру және қайта даярлау мақсатында онлайн форматта «Пәндерді оқытуда мұғалімдердің метапәндік құзыреттерін жетілдіру» тақырыбындағы пән мұғалімдері үшін, 23-27 қыркүйекте мектеп басшылары үшін «Білім берудегі революция: заманауи мектеп менеджментіне жаңа көзқарас» тақырыбындағы біліктілікті арттыру курсының 1-кезеңі өтті. 28 қазан – 1 қараша аралығында курстың 2-кезеңі университет базасында офлайн форматта жалғасты.

Курстың мақсаты – мектеп басшыларының білім беру мекемесін басқаруда, пән мұғалімдерінің метапәндік құзыреттіліктерін қалыптастыруда теориялық білімі мен практикалық дағды деңгейін арттыру.

Курстың 1-кезеңінде тыңдаушылар «Цифрлық сауаттылық және жасанды интеллект: білім берудегі заманауи әдістер мен технологиялар», «Жобалау және зерттеу әрекетін ұйымдастырудың негізгі түрлері мен формалары», «Пәндерді оқытудағы метапәндік құзыреттілік», «4К» оқыту моделі мен

«Жайлы мектеп»: Арнайы курстан өтті



оқытудың белсенді әдістері арқылы функционалдық сауаттылықты дамыту», «Ғылыми мәтінді мамандық бойынша сығымдау (компрессия), эссе түрлері мен құрылымы», «Функционалдық сауаттылықты қалыптастыру мен дамытудың мазмұны мен технологиясы» модульдері бойынша ғылыми-теориялық ақпараттармен танысып, практикалық тапсырмаларды орындау арқылы тәжірибе жинақтады.

Сонымен қатар мектеп басшылары үшін университеттің профессор-оқытушылар құрамы білім беру ұйы-

мы басшысының кәсіби құзыреттілігінің қалыптасуы, стратегиялық менеджмент, мектепті басқарудағы тактикалық және операциялық жоспарлау, білім сапасын басқару, орта білім сапасын арттырудағы халықаралық зерттеулердің рөлі (TIMSS, PISA, PIRLS) туралы дәрістер оқыды.

Курсқа қатысушылар өздерінің педагогикалық практикасына енгізе алатын жаңа білімді, нақты әдістер мен стратегияларды меңгеруге тамаша мүмкіндіктер алды.

Курстың 2-кезеңінде курсқа қатысушылар университеттің базасында

профессор-оқытушылар құрамының дәрістерімен қатар университеттің оқу-зертхана базасымен танысып, ҚР Оқу-ағарту министрлігі Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының орынбасары М.Мелдебекованың «Білім сапасын қамтамасыз етудегі бағалау мен бақылау жүйелері», Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының вице-президенті Р.Қаратабановтың «Орта білім беру мазмұны: басымдықтары мен іске асыру тетіктері» тақырыбындағы дәрістерін тыңдады.

Алматы қаласындағы «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында қолданысқа берілген тұңғыш мектеп №97 мектеп-гимназияның, заманауи үлгіде салынған, жоғары білім сапасын көрсетіп жүрген №206 мектеп-гимназияның, инклюзивті білім беру жүйесі жақсы жолға қойылған №200 мектеп-гимназияның іс-тәжірибесімен, материалдық базасымен танысты.

1 қарашада курсты аяқтаған 41 тыңдаушыға (8 директор, 13 директордың орынбасары, 20 пән мұғалімі) Абай университетінің Басқарма төрағасы – ректор Болат Тілеп сертификаттар табыстады.

Ұлжан Түкебаева.
«Ы.Алтынсарин атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ-нің Информатика пәні мұғалімі.

Сенімгерлік басқарушы:

"Agro-sozak" ЖШС

Меншік иесі-

"Созақ үні" газеті редакциясы"
жауапкершілігі шектеулі
серіктестігі

Директор:

Абилпаттаев Ержан
Бакытжанович

Бас редактор:
Теңізбаев Сәрсенбек
Сайлаубекұлы
Жауапты хатшы:
Мақсат Қарғабай

Редакция құрамы:
Аға тілшілер-
Нұржамал МАЙУСОВА
Данияр БЕКОВ
Тілшілер-
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ
Дизайншы-
Асхан БАҚТЫБАЕВ
Теріміш-
Багила АЯЗБАЕВА
Фототілші-
Құрманш КЕРІМҚҰЛОВ

Қолжазбалар еңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданбайды.
Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымыды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта
аптасына 2 рет шығады
Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы:
161000, Шолаққорған ауылы,
С.Қожанов көшесі, байланыс
телефондары 4-15-30
(факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №
таралымы -
3150 дана

Кезекші редактор:

М.Қарғабай.